

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1 Осы лауазымдық нұсқаулық Шымкент қаласы мәдениет, тілдерді дамыту және архивтер басқармасының «Әл-Фараби атындағы қалалық ғылыми-әмбебап кітапханасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - «Әл-Фараби атындағы қалалық ғылыми-әмбебап кітапханасы» әкімшілігі) штат бірлігі болып табылатын Комплаенс офицердің функционалдық міндеттерін, құқықтарын және жауапкершілігін анықтайды.

1.2 Комплаенс офицердің қызметіне жоғары заң білімі бар және мамандығы бойынша 3 жылдан кем емес жұмыс өтілі бар тұлға тағайындалады. Комплаенс офицер «Әл-Фараби атындағы қалалық ғылыми-әмбебап кітапханасы» әкімшілігінің бірінші басшы шешімімен қызметке тағайындалады және босатылады.

1.3 Өзінің лауазымдық міндеттерін орындау барысында Комплаенс офицер «Әл-Фараби атындағы қалалық ғылыми-әмбебап кітапханасы» бірінші басшыға тікелей бағынады.

1.4 Комплаенс офицер өзінің қызметінде;

- Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын,
- Қазақстан Республикасы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңын,
 - Қазақстан Республикасының «Мәдениет және ақпарат министрлігінің кейбір мәселелері туралы» 2023 жылғы 4 қазандағы № 866 қаулысы.
- Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексын,
 - Қазақстан Республикасы «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодексын,
 - Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексын,
 - 2015-2025 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы - Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығын,
 - «Әл-Фараби атындағы қалалық ғылыми-әмбебап кітапханасы» Жарлығын,
 - «Әл-Фараби атындағы қалалық ғылыми-әмбебап кітапханасы» әкімшілігінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатын,
 - ISO 37001:2016 «Парақорлықпен күрес менеджменті жүйесі» Халықаралық стандартын,
 - Қазақстан Республикасының «Мәдениет туралы» 2006 жылғы 15 желтоқсандағы N 207 Заңы.
 - «Әл-Фараби атындағы қалалық ғылыми-әмбебап кітапханасы» ішкі нормативтік құжаттарын,
 - «Әл-Фараби атындағы қалалық ғылыми-әмбебап кітапханасы» бірінші басшы нұсқаулары мен тапсырмаларын,
 - Сонымен бірге осы лауазымдық нұсқаулығын басшылыққа алады.